

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі- 1» кафедрасы		72/11-2025
«Мейіргерлік үрдіс» пәні бойынша сиплабұс		12 беттің 1 беті

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы
медицина колледжі**

Сиплабұс «Мейіргерлік үрдіс»

Мамандық: 009130100 «Мейіргер ісі»
Біліктілік: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»
Оқу түрі: күндізгі
Оқытудың нормативтік мерзімі: 3 жыл 6 ай
Циклдар мен пәндер индексі: KB
Курс: 3
Семестр: 6
Пән: «Мейіргерлік үрдіс»
Бақылау түрі: Диф/сынақ
Жалпы еңбек сыйымдылығы сағат/кредиттер KZ: 24/1
Аудитория: 24

Шымкент, 2025 ж.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі- 1» кафедрасы		72/11-2025
«Мейіргерлік үрдіс» пәні бойынша сиплабус		12 беттің 2 беті

«Мейіргерлік үрдіс» пәні бойынша сиплабус 2023 жылғы МЖМБС негізінде жасалды.

Тіркеу нөмері: 29

Мамандығы: 009130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің колданбалы бакалавры»

Оқытушы: Шоланбаева Назерке Жорабекқызы

Сиплабус «Мейіргер ісі-1» кафедрасы мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «24» 08 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі: [Signature] Б.Д.Серикова

Сиплабус ПЦК мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «27» 08 2025 ж.

ПЦК төрайымы: [Signature] Г.Н. Айбекова

Әдістемелік кеңес мәжілісінде бекітілді.

Хаттама № 1 «27» 08 2025 ж.

Әдістемелік кеңес төрайымы: [Signature] Г.О. Мамбеталиева

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі- 1» кафедрасы		72/11-2025
«Мейіргерлік үрдіс» пәні бойынша силлабус		12 беттің 3 беті

1.1 Оқытушылар жөнінде мәлімет

№	Аты-жөні	Ғылыми дәрежесі	Қызметі	Оқитын курсы	Электронды мекен-жайы
1.	Серикова Бағдат Джулдибаевна	магистр	Бөлім басқарушысы	«Мейіргер ісі» қолданбалы бакалавр пәндері	Bagi_d90@mail.ru
2	Бактияр Айгүл Өтегенқызы	Жоғары санаттағы дәрігер	оқытушы	«Мейіргер ісі» қолданбалы бакалавр пәндері	Mers_086@mail.ru
3	Шоланбаева Назерке Жорабекқызы	магистр	оқытушы	«Мейіргер ісі» қолданбалы бакалавр пәндері	Nazzhanbolat@mail.ru
4	Хайдаркулова Гулноза Ахмаджановна	магистр	оқытушы	«Мейіргер ісі» қолданбалы бакалавр пәндері	medreferat.com@mail.ru
5	Аман Балнұр Жақсымұратқызы	магистр	оқытушы	«Мейіргер ісі» қолданбалы бакалавр пәндері	Altyn_ai1601@mail.ru
6	Қадырова Жанар Нұржауқызы	магистр	оқытушы	«Мейіргер ісі» қолданбалы бакалавр пәндері	Kadyrova.zhanar@list.ru
7	Жулбарисова Гулзада Уразқызы	бакалавр	оқытушы	«Мейіргер ісі» қолданбалы бакалавр пәндері	zhulbarisova007@mail.ru
8	Токбай Арайлым Әбдікерімқызы	бакалавр	оқытушы	«Мейіргер ісі» қолданбалы бакалавр пәндері	arailym_kerimovna@mail.ru
9	Әбдіғани Алтынай Нұрбекқызы	бакалавр	оқытушы	«Мейіргер ісі» қолданбалы бакалавр пәндері	Altyn_ai1601@mail.ru
10	Сейілхан Айдана Сейілханқызы	бакалавр	оқытушы	«Мейіргер ісі» қолданбалы бакалавр пәндері	aidana_seyilhan@mail.ru
11	Құлжанова Жансұлу Еркінбекқызы	бакалавр	оқытушы	«Мейіргер ісі» қолданбалы бакалавр пәндері	suluzhanim@mail.ru

2. Пәннің саясаты: студент талаптарды орындауы керек

№	Студенттерге қойылатын талап	Орындамаған жағдайда айыптау шаралары
1	Себепсіз сабақ қалдыру рұқсат етілмейді.	Тәжірибелік сабақты себепсіз қалдырған жағдайда бж қойылады.
2	Себеп бойынша қалдырылған сабақтарды өз уақытысында өтеу.	Себепті қалдырылған сабақтар тек деканат рұқсатымен (өтеу қағазы) өтеледі.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі- I» кафедрасы		72/11-2025
«Мейіргерлік үрдіс» пәні бойынша силлабус		12 беттің 4 беті

3	Дәріс және тәжірибелік сабақтарға уақытылы келу.	Студент 5 минуттан артық кешіксе сабаққа жіберілмейді. Оқу журналына және дәріс журналына бж қойылады.
4	Студенттің сыртқы келбеті талапқа сай болуы (халат, колпак, ауыстыратын аяқ киім және т.б.).	Студенттің сыртқы көрінісі талапқа сай болмаған жағдайда сабаққа немесе дәріске жіберілмейді және тәжірибелік журналда немесе дәріс журналында бж қойылады.
5	Студентте медициналық санитарлық кітапшаның болуы.	Медициналық санитарлы кітапшасыз студент клиниканың бөлімшесіне жіберілмейді және тәжірибелік журналға бж қойылады.
6	СӨЖ тапсырмаларын өз уақытында тапсыру.	СӨЖ өз уақытында тапсырылмаса жұмыс қабылданбайды және 0 балл қойылады.
7	Студент оқытушыларға, курстастарына сыйластық пен қарауы қажет.	Студент құрметсіздік танытқан жағдайда, бұндай мінез-құлқы кафедра жиналысында талқыланады, деканатқа және ата-анасына жеткізіледі.
8	Кафедраның мүліктеріне студенттердің қамқорлық жасауы.	Мүліктерді бұзған жағдайда, студент өз күшімен қалпына келтіреді.

ПӘННІҢ ПРЕРЕКВИЗИТТЕРІ МЕН ПОСТРЕКВИЗИТТЕРІ

Пәннің пререквизиттері:

1. Әлеуметтік-маңызды аурулар;
2. Үй жағдайындағы мейіргер күтімі;
3. Денсаулықты нығайту;
4. Пациенттерді үйрету;

Пәннің постреквизиттері:

1. Функционалды мүмкіндіктерін жақсарту;
2. Мамандандырылған мейіргерлік күтім;
3. Мейіргер ісі негіздері;

3. Оқытудың мақсаттары мен міндеттері:

Болашақ мейіргерлерге мейіргерлік тәжірибеде қолданылатын отандық және халықаралық стандарттарды меңгерту, мейіргерлік қызметті сапалы әрі қауіпсіз ұйымдастыруды үйрету. Мейіргерлік үрдістің мәнін сипаттап, оның маңызын түсінуге дағдыландыру, мейіргерлік көмекті кезең-кезеңмен жоспарлауға, ұйымдастыруға және жүзеге асыруға үйрету. Пациенттің жағдайы туралы объективті және субъективті мәліметтерді жинауды, оларды сұхбат, бақылау, тексеру, медициналық құжаттарды талдау әдістерімен анықтауды меңгерту. Жиналған мәліметтер негізінде мейіргерлік диагноз қоюды, пациенттің қажеттіліктеріне сай мейіргерлік күтім жоспарын жасауды үйрету. Күтім жоспарын нақты жүзеге асыруға, оны бағалауға және нәтижесін талдауға бағытталған дағдыларды қалыптастыру. Мейіргерлік құжаттамаларды – бақылау картасы, күтім картасы және басқа да жазбаларды дұрыс толтыруға, оларды клиникалық практикада сауатты қолдануға үйрету. Мейіргерлік ем-шаралардың түрлерін (емдік, гигиеналық, алдын алу, психоәлеуметтік) ажырата білуге, оларды клиникалық талаптарға сәйкес орындауға машықтандыру. Мейіргердің кәсіби қызметінде этикалық-адамгершілік ұстанымдарды, құқықтық нормаларды және стандарттарды басшылыққа ала отырып, кәсіби жауапкершілікпен жұмыс істеуге бағыттау. Студенттерге клиникалық ойлау, шешім қабылдау, пациентке бағытталған жекелендірілген күтімді жоспарлау және жүзеге асыру қабілеттерін дамыту арқылы кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі- 1» кафедрасы		
«Мейіргерлік үрдіс» пәні бойынша силлабус		72/11-2025 12 беттің 5 беті

Пәнді оқытудың соңғы нәтижесі:

Теория:

1. Ағылшын тілін пайдалана отырып, кәсіби қызметте тиімді ақпарат алмасу үшін әртүрлі ақпараттық коммуникациялық технологиялар туралы білімдерін көрсете біледі. БҚ-3

Күзиреттіліктер:

1. БҚ-2. Кәсіпқойлық
2. БҚ-3. Коммуникация
3. КҚ-1. Клиникалық мейіргерлік іс
4. КҚ-3. Менеджмент және сапа

Мазмұны: Мейіргерлік тәжірибенің стандарттары. Мейіргерлік үрдістің сипаттамасы. Мейіргерлік үрдістің кезеңдері. Мейіргерлік үрдістің құжаттамасы. Мәлімет жинау. Мәліметтерді жинау әдістері. Мейіргерлік диагноз. Мейіргерлік үрдісті ұйымдастыру және жүзеге асыру. Мейіргерлік бақылау картасы. Мейіргердің кәсіби жұмысындағы стандарттар. Мейіргерлік күтім картасы. Мейіргерлік ем-шаралардың түрлері.

4.1. Аудиториялық сабақтардың тақырыптары мен мазмұны

№	Аудиториялық тақырыптың атауы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Мейіргерлік үрдіс. Мейіргерлік үрдістің кезеңдері. Қазақстан Республикасында мейіргерлік қызмет көрсетудің ұйымдастырылуы және міндеті.	Мейіргер ісінің тарихы мен дамуы. Мейіргердің денсаулық сақтау жүйесіндегі орны. Қазақстанда мейіргерлік қызметтің даму перспективалары. Мейіргерлік үрдіс ұғымы. Мейіргерлік үрдістің кезеңдері. Қойылған мақсаттарға қол жеткізуді тексеру. Қазақстан Республикасында мейіргерлік қызмет көрсетудің ұйымдастырылуы ҚР Денсаулық сақтау жүйесіндегі мейіргерлік қызметтің құрылымы. Мейіргерлік қызметтің құқықтық негіздері (Заңдар, бұйрықтар, стандарттар). Бастапқы, екінші және үшінші деңгейдегі ұйымдардағы мейіргер рөлі. Мейіргерлік қызметтің міндеттері мен функциялары. Пациент күтімі және жағдайды бақылау. Дәрігерлік тағайындауларды орындау. Мейіргер этикасы мен деонтология. Пациентпен, туыскандармен, медицина қызметкерлерімен қарым-қатынас.	6
2	Мейіргерлік істі реформалау: мәселелері және болашағы. Мейіргерлік үрдістің негізгі теориясы мен әдістемесі. Дамыған елдердегі қазіргі жағдайы. Аралық бақылау – 1.	Мейіргерлік ісінің тарихи эволюциясы. Қазіргі әлемде мейіргерлік қызметтің орны мен маңызы. Медициналық-әлеуметтік контексттегі реформалау қажеттілігі. Қазақстандағы мейіргерлік істі реформалау. ҚР-дағы денсаулық сақтау жүйесіндегі мейіргерлік қызметтің қазіргі жағдайы. Мейіргерлік үрдістің негізгі теориялық	6

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі- 1» кафедрасы		72/11-2025
«Мейіргерлік үрдіс» пәні бойынша сиплабус		12 беттің 6 беті

		модельдері Мейіргерлік әдістемесі мен тәсілдері. Күтім сапасын бағалау және мейіргерлік нәтижелер индикаторлары.	
3	Мейіргерлік үрдіс-мейіргерлік тәжірибенің кәсіби әдісі. Науқастың қажеттіліктері және мейіргердің міндеті. Мейіргер еңбегінің қорғалуы. Мейіргерлік үрдістің маңызы, артықшылықтары мен кезеңдері.	Мейіргерлік үрдіс ұғымы: анықтамасы және кәсіби тәжірибедегі орны. Қазақстан Республикасындағы мейіргерлік істің даму бағыты. Мейіргерлік үрдіс – кәсіби тәжірибенің негізі. Мейіргерлік үрдіс – құрылымдалған және жүйеленген тәсіл. Науқастың қажеттіліктерін бағалау. Мейіргердің негізгі міндеттері. Күтімді жоспарлау және жүзеге асыру. Мейіргер еңбегінің қорғалуы. Этикалық нормалар және кәсіптік этика. Мейіргерлердің заң алдындағы жауапкершілігі мен әлеуметтік кепілдіктері.	6
4	Мейіргерлік күтім жоспарының орындалуы. Мейіргерлік іс-шаралардың басымдығын орнату. Жоспарды орындауға және күтімді түзетуге әсер ететін факторлар және тиімділігін бағалау. Аралық бақылау – 2.	Мейіргерлік көмекті жоспарлау және орындау барысында өмірге қауіп төндіретін жағдайларды жедел шешу. Мейіргерлік күтім жоспарының орындалуы. Пациенттің қажеттіліктеріне сәйкес күтімді бейімдеу. Мейіргерлік іс-шаралардың басымдығын орнату. Науқастың қанағаттануы мен кері байланыс.	6
	Барлығы:		24

5. Негізгі әдебиет.

Негізгі:

1. Дәулетбаев Д. А. Мейірбике манипуляциясы алгоритмдері (стандарттары): оқу құралы / Д. А. Дәулетбаев, М. А. Абабкова, Г. К. Ердесова. - Алматы: TechSmith, 2024. - 224 б.
2. Пулькинова, А. В. Сестринский процесс : учебное пособие / А. В. Пулькинова, Б. С. Имашева. - Алматы : Эверо, 2016. - 300 с
3. Сестринские технологии. Ч.1: учебное пособие / А. Каныбеков [и др.]. - 2-е изд., перераб. - Алматы: TechSmith, 2024. - 304 с. - Текст: непосредственный.
4. Пулькинова, А. В. Сестринский процесс : учебное пособие / А. В. Пулькинова, Б. С. Имашева. - Алматы : Эверо, 2016. - 300 с
5. Каныбеков, А. Медбикеге арналған нұсқаулар : оқулық . - Алматы : Эверо, 2014. - 428 бет.
6. Каныбеков, А. Медбикенің іс-әрекеттері [Мәтін]: оқулық бағдарлама / А. Каныбеков. - ; ҚР ДСМ РЦИТМОН басп. ұсынған. - Алматы: Эверо, 2014. - 476 бет.

Қосымша әдебиеттер.

1. Каныбеков, А. Медбикелердің іс - әрекеттері. 1- бөлім [Мәтін] : оқулық бағдарлама / А. Каныбеков. - Алматы : Эверо, 2016. - 228 бет
2. Каныбеков, А. Медбикелердің іс – әрекеттері. 2-бөлім : оқулық бағдарлама / А. Каныбеков. – Алматы : Эверо, 2016. – 260 бет
3. Манипуляции в сестринском деле [Текст]: учеб. пособие для средних мед. учебных заведений / под ред. А. Г. Чижа. - Ростов н/Д: Феникс, 2008. - 318 с. - (Медицина). - ISBN 978-5-222-12899-2

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі- 1» кафедрасы		72/11-2025
«Мейіргерлік үрдіс» пәні бойынша syllabus		12 беттің 7 беті

4.Яромич, И. В.Сестринское дело [Текст] : учебное пособие для учащихся мед. училищ / И. В. Яромич. - 2-е изд., стер ; Допущ. М-вом образования Респ. Беларусь в качестве учеб. пособия. - Минск : Выш. шк., 2002. - 431 с.

5.Справочник медицинской сестры [Текст]: справочное издание. - М. : Изд-во Эксмо, 2003. - 896 с. : ил. - ISBN 5-04-008710-1

6.Бағдарламалық қамтамасыз ету және Интернет ресурстар:

1.Матвейчик, Т. В. Теория сестринского дела : учебное пособие / Т. В. Матвейчик, Е. М. Тищенко. — Минск : Вышэйшая школа, 2016. — 368 с. — ISBN 978-985-06-2245-7. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: <https://www.iprbookshop.ru/90836.html>

2. М.Ш. Нурманова, Ж.Т. Матакова, Э.Т. Бейскулова«Мейірбике ісі негіздері» пәні бойыншамейірбикеліктехнологияларстандарттарының жинағы .Оқу құралыҚарағанды, 2019<https://aknurpress.kz/reader/web/1424>

3.Нурманова, М.Ш. және т.б.Мейірбике ісі негіздері<http://rmebrk.kz/book/1173863>

4.Соколов, К.Н.Медицинский уход и сестринская манипуляционная техника : пособие для студентов учреждений высшего образования, обучающихся по специальности 1-79 01 01 «Лечебное дело». / К.Н Соколов, Е.М. Сурмач. - Гродно, 2022. - 536- ISBN 978-985-595-599-4.<http://rmebrk.kz/book/1182215>

5.Парахина, А.П.Алгоритмы манипуляций по основам сестринского дела. ПМ 04 "Младшая медицинская сестра по уходу за больными" : учебно- методическое пособие для СПО. . - 6-е изд., стер. - Санкт-Петербург: Лань, 2022. - 256- ISBN 978-5-8114-9648-8. <http://rmebrk.kz/book/1184588>

7.Курстың аттестациясы:

Шолу

Қорытынды баға келесі компоненттерден тұрады (салыстырмалы салмағы):

- Ағымдағы бақылау 1 (ТК А (дәрістер): жеке және топтық тапсырмалар, топтық тақырыптық дискуссияларға қатысу.
- Ағымдағы бақылау 2 (ТК С (симуляция): симуляциялық курсқа қатысу, тәжірибелік дағдыларды топтық және жеке орындауға қатысу
- Аралық бақылау
- Қорытынды емтихан: қорытынды тест және билет және СӨЖ бойынша жауаптар

Салмағы

Бағасы	Қолданылатын бақылау құралдарының сипаттамасы (кейс, жоба, сыни талдау, модельді әзірлеу, презентация, тест)	Салмағы
ТК 1 (ТК А (дәрістер, семинарлар): жекежәне топтықтапсырмалар, топтықтақырыптықдискуссияларғақатысу)	Сыни талдаудағы 3 тапсырма: -бақылау сұрақтары, - тапсырма -тесттер	20%
ТК 2 (ТК С (симуляция): симуляциялықкурсқақатысу, тәжірибелікдағдылардытоптықжәнежекеорындауғақатысу.	Практикалықдағдылардыпысықтаужәнеқұзыреттіліктердіңорындалуынталқылау; Диспутацияланатынмәселелербойыншааргументтердітаныстыру.	20%
Аралық бақылау	Курстық тесттер	20%

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі- 1» кафедрасы		72/11-2025
«Мейіргерлік үрдіс» пәні бойынша syllabus		12 беттің 8 беті

Емтиханға жіберу рейтингісі		x 60%
Қорытынды емтихан	Пән тақырыптары бойынша тесттер (200 сұрақ) және билеттер: теориялық сұрақтар, ситуациялық есептер және СӨЖ бойынша сұрақтар	X 40%
Курстық қорытынды бағасы		0-100 балл

Аттестация

Рейтинг шкаласы

Әріптік баға жүйесі	Сандық эквивалент	Баллдар (%-дық көрсеткіш)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	Жақсы
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	
Бағалау критерилері	Өте жақсы «A»: Студент сұрақтарға толығымен жауап берген жағдайда Жақсы «B+» - «C+»: Студент білімін орта қалыпта жауап берген жағдайда Қанағаттанарлық «C» - «D»: Студент сұрақтарға қанағаттанарлық жағдайда Қанағаттанарлықсыз «FX» - «F»: Студент сұрақтарға толық емес жауап берген жағдайда		

Пән бойынша қорытынды баға мынадай формула бойынша бақылаулар нысандарының белгіленген қатынасына сүйене отырып ресми ведомосқа енгізілген кезде автоматты түрде есептеледі:

Қорытынды баға = (ТК (аудиториялық, семинарлар) + ТК Симуляция + ТК (аралық бақылау) + СӨЖ) = РД (жіберу рейтингі) x 60% + баға (Э x 40%)

Емтихан: қорытынды тест

Оларды орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (ұсынымдар):

Аудиторияға (дәрістерге, семинарларға) дайындық кезінде берілген үлестіру материалын мұқият оқып, қайталау)

Бағалау критерилері:

Қорытынды тест: барлық курстың білімі мен түсінігін тексеруге.

Тестте 50-ден 100-ге дейінгі сұрақтан, әр дұрыс жауап-1 балл.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі- 1» кафедрасы	72/11-2025	
«Мейіргерлік үрдіс» пәні бойынша syllabus		12 беттің 9 беті

Тапсыру мерзімі:

Орындалған тапсырмаларды жүктеу үшін белгіленген мерзім: оқу курсы аяқтаған сәттен бастап екі апта. Уақытында тапсырылмаған жағдайда төмендету коэффициенті қолданылады: мысалы, 0,75-0,9

8. Оқыту және сабақ беру әдістері

- **Аудитория:** тақырып бойынша шолу.

Қолданылатын әдістер мен технологиялар

- **Small group learning (SGL)** - шағын топтарда оқыту;
- **Cased-based learning (CBL)** - нақты жағдайлар әдісі;
- **Task-based learning (TaskBL)** - коммуникативтік тапсырмалар әдісі;
- **Team-based learning (TBL)** - командада жұмыс істеуге негізделген оқыту әдісі;
- **Problem-based learning (PBL)** - проблемалық оқыту әдісі;
- **Simulation training (ST)** - симуляциялық оқыту;
- **Clinical training (CT)** - клиникалық оқыту;
- **Training based on competence (TBC)** - құзыреттілікке негізделген оқыту;
- **Credit-modular training (CMT)** - кредиттік-модульдік оқыту;

Студенттердің білім деңгейін және білімін бағалауға арналған бағалау әдістері мен технологиялары

- **Multiple Choice Questions – MCQ** - көптеген таңдау тест сұрақтары;
- **Oral asking (OA)** - ауызша сұрау;
- **Short Answer Questions (SAQ)** - қысқа жауаптар;
- **Short case (SC)** - Нақты жағдайдың қысқаша сипаттамасы;
- **long cases (LC)** - үлкен құрылымсыз кейстер;
- **Short essay questions (SEQ)** - қысқа жауапты эссе;
- **Objective Structured Clinical Examination – OSCE** - объективті құрылымдық клиникалық емтихан;
- **Skills Assessment Station (SAS)** - практикалық дағдыларды бағалау станциясы;
- **Oral report – OR** - презентация;
- **Oral examination – OE** - ауызша емтихан;
- **Mini clinical evaluation exercise (MiniCEX)** - мини-клиникалық емтихан;
- **Direct Observation of Procedural Skills (DOPS)** - практикалық процедураларды меңгеруді бағалау •
- **(AI - assessment interview) бағалау сұхбаты** - оқытушының/куратордың резидентура тыңдаушысымен әңгімелесу, оның мақсаты білім алушының қызметін және оны түзету жолдарын талқылау болып табылады
- **(SA - Self Assessment) өзін-өзі бағалау** - білім алушының өз жұмысын бағалау, оқу прогресін сыни тұрғыдан түсіну мақсатында, білім алу үшін дербестік пен жауапкершілікті арттырады, күшті және әлсіз жақтарын хабардар етуге көмектеседі. Көбінесе қорытынды бағаны қалыптастырудың бөлігі ретінде қолданылады.
- **(SP – standart patient) Стандартталған пациент** - білім алушының құзыреттілігін бағалауға және оқытуға қатысатын арнайы дайындалған адам.
- **(PA - portfolio assessment) портфолио бағасы** - білім алушылардың жетістіктерін бақылау және бағалау нысаны, өзін-өзі бағалауды қоса алғанда, оқу-танымдық қызметтің материалданған өнімдері бойынша қоса берілген күш-жігер нәтижелері бойынша оқудағы прогрестің дәлелі.
- **(PA - Peer Assessment) әріптестерді бағалау** - резидентура тыңдаушыларына бір-бірінің оқу тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін әріптестерді бағалау. Бағалау

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі- I» кафедрасы		72/11-2025
«Мейіргерлік үрдіс» пәні бойынша сиплабус		12 беттің 10 беті

әріптестерді бағалау процесіне тартуға және бір-бірінің жұмысын сын тұрғысынан пайымдауға бағытталған.

Қосымша-1.

Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанар-лықсыз	Қанағаттанар-лық	Жақсы	Өте жақсы
ОН1	Өз рөлдерін, құқықтары мен шектеулерін біледі, қабылдайдыөз әрекеттері мен әрекетсіздігі үшін жауапкершілік пен нормативтік-құқықтық актілермен және ұйымдастырушылық талаптармен танысу.	Өз рөлдерін, құқықтары мен шектеулерін біледі, қабылдайдыөз әрекеттері мен әрекетсіздігі үшін жауапкершілік пен нормативтік-құқықтық актілермен және ұйымдастырушылық талаптарын білмейді.	Өз рөлдерін, құқықтары мен шектеулерін біледі, қабылдайдыөз әрекеттері мен әрекетсіздігі үшін жауапкершілік пен нормативтік-құқықтық актілермен және ұйымдастырушылық талаптарын қанағаттанар-лық деңгейде біледі.	Өз рөлдерін, құқықтары мен шектеулерін біледі, қабылдайдыөз әрекеттері мен әрекетсіздігі үшін жауапкершілік пен нормативтік-құқықтық актілермен және ұйымдастырушылық талаптарын жақсы деңгейде біледі.	Өз рөлдерін, құқықтары мен шектеулерін біледі, қабылдайдыөз әрекеттері мен әрекетсіздігі үшін жауапкершілік пен нормативтік-құқықтық актілермен және ұйымдастырушылық талаптарын өте жақсы біледі.
ОН 2	Шұғыл медициналық көмек көрсету кезінде әртүрлі адамдармен қарым-қатынаста ағылшын тілін қолданады.	Шұғыл медициналық көмек көрсету кезінде әртүрлі адамдармен қарым-қатынаста ағылшын тілін түсінбейді.	Шұғыл медициналық көмек көрсету кезінде әртүрлі адамдармен қарым-қатынаста ағылшын тілін қанағаттанар-лық деңгейде түсінеді.	Шұғыл медициналық көмек көрсету кезінде әртүрлі адамдармен қарым-қатынаста ағылшын тілін жақсы деңгейде түсінеді.	Шұғыл медициналық көмек көрсету кезінде әртүрлі адамдармен қарым-қатынаста ағылшын тілін өте жақсы түсінеді.
ОН3	Жедел іс-шаралар стандарттары мен мейіргерлік жедел жәрдем нұсқаулықтары туралы білім	Жедел іс-шаралар стандарттары мен мейіргерлік жедел жәрдем нұсқаулықтары туралы білім	Жедел іс-шаралар стандарттары мен мейіргерлік жедел жәрдем нұсқаулықтары туралы білім	Жедел іс-шаралар стандарттары мен мейіргерлік жедел жәрдем нұсқаулықтары туралы білім	Жедел іс-шаралар стандарттары мен мейіргерлік жедел жәрдем нұсқаулықтары туралы білім

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі- 1» кафедрасы		72/11-2025
«Мейіргерлік үрдіс» пәні бойынша сиплабұс		12 беттің 11 беті

	мен дағдыларды түсіндіреді және қолдану біліміне ие.	мен дағдыларды түсіндіру және қолдану білімін қолдана алмайды.	мен дағдыларды түсіндіру және қолдану білімін қанағаттанарлық деңгейде қолданады.	мен дағдыларды түсіндіру және қолдану білімін жақсы деңгейде қолданады.	мен дағдыларды түсіндіру және қолдану білімін өте жақсы деңгейде қолданады.
ОН4	Мейіргерлік күтім сапасын жақсарту үшін кәсіби қызметте шұғыл көмек көрсету кезінде басқару ережелерін ұстанады	Мейіргерлік күтім сапасын жақсарту үшін кәсіби қызметте шұғыл көмек көрсету кезінде басқару ережелерін көрсете алмайды.	Мейіргерлік күтім сапасын жақсарту үшін кәсіби қызметте шұғыл көмек көрсету кезінде басқару ережелерін қанағаттанарлық деңгейде көрсете алмайды.	Мейіргерлік күтім сапасын жақсарту үшін кәсіби қызметте шұғыл көмек көрсету кезінде басқару ережелерін жақсы деңгейде көрсете алады.	Мейіргерлік күтім сапасын жақсарту үшін кәсіби қызметте шұғыл көмек көрсету кезінде басқару ережелерін өте жақсы көрсетеді.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі- 1» кафедрасы «Мейіргерлік үрдіс» пәні бойынша сиплабус		
		72/11-2025 12 беттің 12 беті